

*Академияның Ғылыми
кеңесінің 2023 жылғы 29
наурыздағы (№13 хаттама)
шешімімен бекітілген*

**«8D04113 – Мемлекеттік басқару»
докторантура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «8D04113 – Мемлекеттік басқару» докторантура білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «8D041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 3 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 185

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама үздік халықаралық тәжірибелер негізінде әзірленді және кешенді пәнаралық зерттеулер жүргізуге, мемлекеттік басқару проблемаларын, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдауға және бағалауға және мемлекеттік деңгейде тиімді басқару шешімдерін қабылдауға дайын жоғары білікті мамандарды, мемлекеттік қызметшілерді, аналитиктерді даярлауға бағытталған.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: мемлекеттік басқару жүйесінің проблемалары мен даму перспективаларын зерделеуде аналитикалық және зерттеу дағдыларын қолдануға, мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін қалыптастыру үшін стратегиялық деңгейде тиімді басқару шешімдерін қабылдауға қабілетті басқару буынының мамандарын даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттік басқару саласында қолданбалы зерттеулер жүргізу кезінде мемлекеттік орган, сала, өңір немесе тұтастай ел ауқымында стратегиялық, жобалық және жедел басқару құралдарын қолдану бойынша құзыретті дамыту;

- «халық үніне құлақ асатын», тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет қағидаттары негізінде мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етудің инновациялық тәсілдерін талдау және енгізу құзыретін қалыптастыру;

- стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес нақты міндеттер қою негізінде мемлекеттік органның жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын жетілдіру;

- үлкен деректерді зерттеу және талдау үшін аналитикалық ойлау мен стратегиялық көзқарастың құзыреттілік деңгейін және дәлелденген фактілер негізінде тиімді басқару шешімдерін қабылдау қабілетін арттыру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- сабақтас салаларда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл;

- мемлекеттік басқару жүйесінің нақты мәселелерін талдау және шешу арқылы оқыту мен зерттеулердің нәтижеге бағдарлануы;

- мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесінің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған эксперименттік-зерттеу жұмысын (диссертацияны) орындау;

- теориялық және қолданбалы пәндердің бірегей үйлесім табуы, ғылыми-зерттеу семинарларында жобалық және зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- оқытудың мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде өтуі;

- ғылыми және эксперименттік зерттеулердің нәтижелері негізінде оқытудың жеке траекториясы;

- мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың шақырылған дәріскерлері мен сарапшыларын, жетекші аналитиктерді, зерттеушілерді тарту;
- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, түрлі мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерімен өзара қарым-қатынас жасау, өзара оқыту.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Зерттеу қызметін басқару – басқарушылық процестерді ғылыми танудың әдіснамасын меңгереді және эксперименттік-зерттеу қызметін жүргізу және тұрақты кәсіби өсуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясын қалыптастыру саласындағы білім мен құзыреттерді ұштастыра алады.

Қызметті басқару – нақты міндеттер қойып, стратегиялық мақсаттарға сәйкес тапсырмалар бере алады, ұжымды бөлімшенің қойылған міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына жағдай жасап, бағыттай алады, басымдықтарды белгілей отырып, бөлімшенің жұмысын тиімді ұйымдастырады.

Тиімді қарым-қатынас (коммуникация) орнату – өз қызметін әріптестерімен үйлестіруді біледі, коммуникацияларға ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын бола алады, қажет болған жағдайда әріптестеріне көмектеседі, жанжалдарды ортақ іс үшін пайдамен шешуді біледі, сонымен бірге өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе алады және әріптестерінің пікірін ескереді, топпен/командамен/мүдделі тараптармен тиімді жұмыс жасай алады.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – әдеп кодексіне сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгі ниет, әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады, стресстік жағдайда өзін ұстай біледі, мәселенің шешімін іздеп, оны таба алады.

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға өз әрекеттерінің тактикасын бейімдей алады, сәтсіздіктің себептерін талдайды және тәсілдерді немесе стратегияларды өзгертеді, жұмысшылардың бастамаларын қолдайды және ынталандыра алады.

Нәтижеге бағдарлану – күрделі мақсаттар қойып, оларға қол жеткізе алады, міндеттерді орындау үшін қосымша күш салып, нәтижеге жету үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алады.

Дербестілік және шешім қабылдай білу – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады.

Көшбасшылық қасиеттер – ынтасы мен талантын, өзіне деген сенімділігін көрсетеді, харизмалы, қарамағындағы қызметкерлерді ынталандыру үшін өзінің тұлғалық қасиеттерін пайдаланады, қызметкерлерді ынталандыра алады, ынталандыру мен айыптаудың арақатынасын дұрыс ажырата біледі.

Ынтымақтастық – қызметкерлерді құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағыттайды, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жоспарларды іске асырады және жалпы нәтижелерге қол жеткізе алады.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақтылы жеткізеді, өзгерістерге уақтылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқара алады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізе алады.

Өзін-өзі дамыту – перспективалы қызметкерлерді анықтай біліп, оларды ілгерілету бойынша ұсыныстар енгізеді, қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдайды, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысты өзі арқылы көрсетеді.

Бастамашылдық – қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді қарап, оларды енгізу бойынша ұсыныстарды әзірлейді, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша

ұсыныстарды талдайды және енгізеді, мемлекеттік органның қызметін жетілдіру үшін жобаларға бастамашылық жасайды.

8. Бағдарлама құрылымы және академиялық контент:

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Академиялық жазылым	2
	Ғылыми зерттеу әдістері	3
	Мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы теориялары мен практикалары	3
	Басқару және стратегиялық жоспарлау	3
	Теориялық оқу бойынша барлығы	11
	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі - ДЭЗЖ)	19
1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
2	Ғылыми зерттеу әдістері	3
	Мемлекеттік басқару жүйесіндегі аудит және бағалау	3
	Өндірістік практика	10
	Теориялық оқу бойынша барлығы	16
	ДЭЗЖ	15
2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
3	Зерттеу семинары	2
	Таңдау компоненті	2
	Өндірістік практика	10
	Теориялық оқу бойынша барлығы	14
	ДЭЗЖ	18
3-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		32
4	Зерттеу семинары	3
	Таңдау компоненті	4
	Теориялық оқу бойынша барлығы	7
	Тағылымдама	4
	ДЭЗЖ	20
4-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
5	Зерттеу семинары	1
	Теориялық оқу бойынша барлығы	1
	ДЭЗЖ	30
5-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
6	ДЭЗЖ	18
	Қорытынды аттестаттау (докторлық диссертацияны рәсімдеу және қорғау)	12
6-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
Теориялық оқу қорытындысы + практика		49
Қорытынды аттестаттау (докторлық диссертацияны жазу және қорғау)		12
ДЭЗЖ + тағылымдама		124
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		185